

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 16 мамырдағы N 644 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 11 сәуір N 416. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 31 тамыздағы № 520 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.08.2017 № 520 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасының резиденттері - жеке және заңды тұлғалардың КСРО Сыртқыэкономбанкi шоттарында оқшауландырылған қаражаттарын қайтару мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 16 мамырдағы N 644 P010644_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 18, 229-құжат)

мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақта:

1) Қазақстан Республикасының резиденттері - жеке және заңды тұлғалардың КСРО Сыртқыэкономбанкi шоттарында оқшауландырылған қаражаттарын қайтару мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның құрамына мыналар енгізілсін:

Павлов - Қазақстан Республикасы

Александр Сергеевич Премьер-Министрінің орынбасары -

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрі, төраға

Өтеғұлов - Қазақстан Республикасы Қаржы

Мәулен Амангелдіұлы министрлігінің Қарыз алу

департаменті директорының

міндетін атқарушы, хатшы

Тәжияқов - Қазақстан Республикасының

Бисенғали Шамғалиұлы Ұлттық Банкі төрағасының

орынбасары (келісім бойынша)

Дауранов - Қазақстан Республикасының

Шамиль Абдулұлы Экономика және сауда министрлігі

Экономикалық саясат

департаментінің директоры

Қосжанова - Қазақстан Республикасының
Жанаркүл Тоғызбайқызы Әділет министрлігі Заңнама
департаментінің директоры;

2) мына жол:

"Дунаев - Қазақстан Республикасы Қаржы
Арман Ғалиасқарұлы министрлігінің Қарыз алу
департаментінің директоры"

мынадай редакцияда жазылсын:

"Дунаев - Қазақстан Республикасының
Арман Ғалиасқарұлы Қаржы вице-министрі, төрағаның
орынбасары";

3) көрсетілген құрамнан Ораз Әлиұлы Жандосов, Ерболат Асқарбекұлы
Досаев, Қанат Әлімбайұлы Әбдіқалықов, Мұрат Тиышбекұлы Құдышев,

Болат

Әбілқасымұлы Палымбетов, Светлана Шәкенқызы Қыржыбаева шығарылсын

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.